

¹ Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

С точки зрения современного этапа развития языкознания очень актуальны вопросы проявления человеческого фактора в языке, т. е. языковой личности. В статье анализируются наиболее важные из категорий организации художественного текста – модальность текста и категории образа автора, также рассматривается проблема языковой личности. В качестве методов исследования использовался метод комплексного анализа текста, то есть описательный, семантико-стилистический и контекстуальный.

Образ автора создается в художественном произведении языковыми средствами и отражается в сознании читателя. Модальность текста – отношение автора к сообщаемой информации в тексте, его собственное видение, авторская позиция, собственные ценности, которые он хотел донести до читателя через произведение. В художественном тексте модальность текста реализуется лексическими, грамматическими, синтаксическими и прагматическими средствами. Материалом исследовательской работы послужил роман выдающегося казахского писателя А.Кекильбаева "Конец легенды".

Ключевые слова: художественный текст, авторская модальность, образ автора, языковая личность, авторская позиция.

Материал поступил в редакцию журнала 21.06.2023

Categories of author's modality, author's image and language personality in a literary text

B. Shalabay¹, G. Zh. Iskakova¹

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

From the point of view of modern linguistics development, the issues of human factor (i.e. language personality) manifestation in language are very relevant,. The article analyzes the most important categories of literary text organization – the modality of the text and the categories of the author's image. The paper considers the problem of linguistic personality. The method of complex text analysis was used as the principle one in the research.

The image of the author is created in a work of fiction by linguistic means and is reflected in the reader's mind. The modality of the text is the author's attitude to the information reported in the text. The author conveys his position, vision, values to the reader through his work. In a literary text, the modality of the text is realized by lexical, grammatical, syntactic and pragmatic means. The material of the research was based on the novel "Anyzdyn aqyry" by the outstanding Kazakh writer A.Kekilbayev.

Keywords: artistic text, author's modality, author's image, linguistic personality, author's position.

Received: 21.06.2023

XFTAP 16.31.02

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp12-21](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp12-21)

А.А. Букаева¹, Г.О. Сыздықова²

¹ф.ғ.м., Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4858-7205>. E-mail: anar-bukaeva@mail.ru

² ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-6365-0113>. E-mail: go.syzdykova@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ДИСКУРС ҰҒЫМЫ

Мақалада қазіргі тіл біліміндегі дискурс ұғымы түрлі аспектідегі зерттеу призмасында қарастырылып, оның терминдік мағынасының семантикалық өзгеру динамикасы анықталып, олардың өзіндік ерекшеліктері сараланады. Қазіргі лингвистикада дискурстың барлық қырын қамтитын нақты және жалпыға бірдей танылған анықтамасы болмағандықтан, дискурс пәнаралық ғылыми нысан ретінде қаралып, әр ғылым мен ғылыми бағыт өз пәнінің ерекшелігіне байланысты зерттеліп, әртүрлі интерпретацияланатындығы туралы айтылады. Дискурс ұғымының анықтамасы лингвистика, антропология, әдебиеттану, этнография, әлеуметтану, социолінгвистика, философия, психолінгвистика, когнитивтік психология және басқа да бірқатар ғылыми пәндерде қарастырылып жүргені сараланып, дискурс терминінің сан түрлі анықталуы мен оның гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларында қолдануы терминнің мәні мен мағынасын түсіндіруге әртүрлі көзқарастар тудыратындығы туралы сөз болады. Сондықтан дискурс ұғымын анықтауда коммуникативтік, құрылымдық-синтаксистік, құрылымдық-стилистикалық және әлеуметтік-прагматикалық зерттеу аспектілері басшылыққа алынады. Осы бағыттарды зерттеу нәтижесінде дискурстың бір жағы қарым-қатынастың типтік жағдайларына яғни прагматикаға, екінші жағы қарым-қатынасқа қатысушылардың санасында болып жатқан когнитивтік үдерістерге, ал үшінші жағы мәтінге бағытталғандығы анықталды. Бұл дискурсты үдеріс ретінде және мәтін түрінде де тануға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: дискурс ұғымы, мәтін, коммуникативтік аспект, құрылымдық-синтаксистік аспект, құрылымдық-стилистикалық аспект, әлеуметтік-прагматикалық аспект, экстралингвистикалық фактор.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Біздің зерттеуіміз жоғарыда айтып өткендей, қазіргі тіл білімінде дискурс ұғымы, оның терминдік мағынасының семантикалық өзгеру динамикасын анықтау өзекті мәселелердің бірі болғандықтан, дискурсты пәнаралық ғылыми нысан ретінде зерттеу жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Себебі әр ғылым мен ғылыми бағыт өз пәнінің ерекшелігіне байланысты зерттеп, әртүрлі көзқараста анықтама береді. Берілген анықтамаларды салыстыра отырып, дискурстың жаңа қырын таныту зерттеуіміздің басты мақсаты болмақ.

КІРІСПЕ

Дискурс ұғымының анықтамасы лингвистика, антропология, әдебиеттану, этнография, әлеуметтану, социолінгвистика, философия, психолінгвистика, когнитивтік психология және басқа да бірқатар ғылыми пәндерде қарастырылып жүргені белгілі. Дискурс терминінің сан түрлі анықталуы мен оның гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларында қолдануы терминнің мәні мен мағынасын түсіндіруге әртүрлі көзқарастар тудыратыны табиғи нәрсе. Дегенмен, әртүрлі саладағы ғалымдардың зерттеу нәтижелері дискурс теориясын қалыптастырып, қазіргі заманғы ғылымның дамуындағы интеграцияның жалпы тенденциясын көрсететін тәуелсіз пәнаралық сала ретінде қалыптасуына негіз болды.

Қазіргі дискурс теориясының қалыптасуына ХХ ғасырдың 60-жылдарының ортасында бұл терминді анықтауға арналған зерттеулер негіз болған. Дискурс термині француз тілінде *discours* – сөйлеу, латын тілінде *discursus* – қозғалыс, әңгімелесу, сөйлесу, ағылшын тілінде – сөйлеу. Демек, дискурс ұғымы пікір алысу, сөйлесу болып табылады. Алғашында француз тіл білімінде "дискурс" ұғымы жалпы сөйлеуді немесе мәтінді білдірді.

XIX ғасырда бұл термин көпмағыналы болды: Якоб Вильгельм Гримнің 1860 жылғы «*Deutsches Woerterbuch*» неміс сөздігінде дискурс термині екі түрлі терминдік мағынада

анықталады: 1) диалог, әңгіме; 2) сөйлеу, дәріс. Бұл мәтін лингвистикасы аясында дискурс теориясының қалыптасуына негіз болған интерпретациялау еді.

Тіл білімінде мәнмәтіннен оқшауланған сөйлемді зерттеу аясынан шығып, мәтінді құрайтын бірліктердің синтагматикалық тізбегін талдауға көшкен кезеңде өзекті болып, мәтінді зерттеуге деген қызығушылық тілді тұтас қарым-қатынас құралы ретінде қарастыруға, тілдің адам қызметінің әртүрлі аспектілерімен байланысын тереңірек зерттеуге деген ұмтылысты тудырды әрі мәтін арқылы жүзеге асырылады.

Түрлі салада адам қарым-қатынасының мәні, алғышарттары мен жағдаяттары туралы ғылым ретінде мәтін лингвистикасының қарқынды дамуы зерттеу нысанын тіл лингвистикасынан сөйлеу лингвистикасына ауыстырды, қарым-қатынас актісіне көбірек назар аударды. Сөйлеу әрекетін зерттеу, сөйлеу мен тілдің арақатынасына байланысты жүргізілген зерттеулер аясында зерттеу объектісінің терминологиялық анықтамасына, сондай-ақ мәтінді зерттейтін лингвистика саласына қатысты қарама-қайшылықтар болды. Бастапқыда пайда болған "мәтін лингвистикасы" терминін көптеген ғалымдар сәтті деп санамайды, ал кейбір лингвистикалық еңбектерде дискурс деп аталады. Дискурс терминінің полисемиясы Т.М. Николаеваның «Мәтін лингвистикасы терминдерінің қысқаша сөздігінде» дискурсты бес түрлі мағынада анықтайды: «Дискурс – бұл бірқатар авторлар омонимдік мағынада қолданатын мәтін лингвистикасының көп мағыналы термині. Олардың ішіндегі ең маңыздылары: 1) мәтін; 2) мәтіннің ауызша-ауызекі түрі; 3) диалог; 4) мағынасы бойынша өзара байланысты сөздер тобы; 5) жазбаша немесе ауызша берілген сөйлеу туындысы» [1, 467].

Дискурс теориясының қалыптасуы тіл ғылымының дамуында жаңа серпін берді. Жаңа теорияның қалыптасуы зерттеушілердің алдына дискурстың лингвистикалық негіз ашу міндетін қойды. Мәтін лингвистикасы аясында пайда болған дискурс теориясы дәйекті түрде өзінің зерттеу нысанын саралады, «мәтін» және «дискурс» ұғымдарын ажыратты. Мысалы, В.Г. Борботконың анықтамасы бойынша, дискурс – бұл мәтін, бірақ ол тілдің коммуникативтік бірліктері – үздіксіз семантикалық байланыста болатын сөйлемдер мен олардың жиынтығынан тұратын үлкен бірліктер, бұл оны тұтас құрылым ретінде қабылдауға мүмкіндік береді [2, 8].

Ғалымның пайымдауынша мәтін тілдік материал ретінде әрдайым үйлесімді сөйлеу, яғни дискурс бола бермейтіндігін баса айтады. Мәтін – дискурстан гөрі жалпы түсінік. Дискурс әрқашан мәтін болып табылады, бірақ кез келген мәтін дискурс бола алмайды. Дискурс – мәтіннің ерекше сипаты.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Ізденіс барысында қазіргі лингвистикадағы дискурс ұғымын зерттеу нысаны еткен ғылыми еңбектерді қарастырдық. Дискурс ұғымын түрлі аспектіде зерттеп, жасалған ғылыми тұжырымдарды саралау мақсатында коммуникативтік, құрылымдық-синтаксистік, құрылымдық-стилистикалық және әлеуметтік-прагматикалық зерттеу аспектілері басшылыққа алынды.

НӘТИЖЕЛЕР СӨЗІ

Қазіргі тіл білімінде дискурс әртүрлі бағытта анықталады. Дискурсты зерттеудің бірнеше аспектілері бар:

- Коммуникативті (функционалды) аспект: дискурс ауызша қарым-қатынас ретінде (сөйлеу, қолдану, тілдің қызметі), диалог ретінде де, әңгіме ретінде де, яғни диалогтық мәлімдеменің түрі немесе сөйлеушінің позициясынан сөйлеу әрекеті ретінде қарастырады. Коммуникативтік аспект аясында дискурс термині «дискурсты құрайтын субъектісі, объектісі, орны, уақыты, құрылу (өндіріс) жағдайлары бар қандай да бір таңбалық құрылым» ретінде түсіндіріледі [3, 5].

- Құрылымдық-синтаксистік аспект: дискурс мәтін фрагменті ретінде, яғни сөйлем деңгейінен жоғары бірлік (суперфразалық бірлік, күрделі синтаксистік тұтас, абзац). Дискурс дегеніміз – бір-бірімен семантикалық байланыста болатын екі немесе бірнеше сөйлем, ал семантикалық байланыс дискурстың негізгі белгілерінің бірі ретінде қарастырылады.

- Құрылымдық-стилистикалық тәсіл: дискурс бөлімдерге ретсіз бөлінумен, ассоциативті байланыстардың үстемдігімен, стихиялылық жағдаймен, жоғары контекстпен, стилистикалық ерекшелікпен сипатталатын ауызша сөйлеудің мәтіндік емес ұйымы ретінде.

- Әлеуметтік-прагматикалық тәсіл: дискурс қарым-қатынас жағдайына, өмірге енген мәтін ретінде, әлеуметтік немесе идеологиялық тұрғыдан шектеулі сөйлеу түрі ретінде немесе «тілдегі тіл» ретінде, бірақ өзіндік мәтіндері бар арнайы әлеуметтік деректер түрінде ұсынылған.

Дискурсты зерттеудің бұл топтастырылуы дискурс табиғатының үш жақты екенін түсінуге мүмкіндік береді: оның бір жағы прагматикаға, қарым – қатынастың типтік жағдайларына, екінші жағы қарым – қатынасқа қатысушылардың санасында болып жатқан когнитивтік үдерістерге және олардың сана-сезімінің сипатына, үшіншісі мәтіннің өзіне бағытталған. Зерттеу аспектілері дискурс ұғымының сөйлеу және мәтін ұғымдарымен тығыз байланысты болатынын анықтайды. Дискурс коммуникативтік құбылыс ретінде – бір жағынан сөйлеу, ауызша қарым-қатынас, әрекет ретінде, екінші жағынан қарым-қатынас кезінде жазылған нақты мәтін арасындағы аралық байланыс ретінде танылады.

Қарапайым түрде дискурсты нақты сөйлеу әрекетімен, сөйлеу шығармашылығын білумен байланысты танымдық үдеріс деп түсіну керек, ал мәтін белгілі бір толық формаға енетін сөйлеу әрекеті үдерісінің түпкі нәтижесі ретінде анықталады. Демек, егер сөйлеу нақты қабылданса және оны қабылдайтын адамның санасына енсе ғана дискурс түсінуге әкеледі. нақты сөйлеудің мұндай анықталуы мәтінді дискурс ретінде түсінуге болады.

Г.Видоусен мәтін және дискурс ұғымдарын жағдаят категориясын қосу арқылы ажыратуға тырысты. Дискурсты мәтін мен жағдаят ретінде қарастырады. Дискурс ұғымы ғылымда оның ішкі ерекшелігіне сүйене отырып, мәтіннің сипаттамаларын ғана емес, сонымен бірге біреуге жіберілген және адресат пен автордың кейбір қажеттіліктерін қанағаттандыратын хабарлама ретінде мәтінді ескеру қажеттілігіне байланысты анықталады.

Француз ғалымы Э.Бенвенист дискурсты «сөйлеуші тарапынан сөйлеу» деп анықтайды: «дискурс сөйлемдердің қарапайым жиынтығы емес, ол туындаған кезде тілдің грамматикалық құрылымымен алшақтық пайда болады. Дискурс – бұл лингвисттің сөйлеу актісі субъектісінің іздерін, сөйлеушінің тілді қолдану ерекшелігін көрсететін ресми элементтерді көрсететін эмпирикалық объект» [4,124]. Ғалымның пікірінше, кең мағынада түсінетін дискурстың маңызды ерекшелігі – дискурстың қарым-қатынас актісінің нақты қатысушыларымен, яғни сөйлеуші мен тыңдаушымен, сондай-ақ сөйлеушінің қандай да бір жолмен тыңдаушыға әсер етуінің коммуникативтік ниетімен байланысты болады.

Сөйлесу дискурсының құрылымы адамның коммуникативтік әрекетінің бірқатар кезеңдерінен тұрады (тілдік байланысқа түсу, сөйлесу тақырыбын ұсыну және оны ратификациялау, коммуникативтік акт барысында рөлдердің өзгеруі, әңгіме тақырыбының өзгеруі, коммуникативтік әрекеттен шығу), осы кезеңдердің әрқайсысы сыртқы және ішкі факторлардың кешенімен байланысты болады. Г.А.Орловтың анықтамасында дискурстың лингвистика-коммуникативтік сипаты байқалады, ол дискурсты ауызша немесе жазбаша сөйлеу туындысы түрінде материалдандырылған, семантикалық және құрылымдық тұрғыдан салыстырмалы түрде аяқталған, ұзақтығы ықтимал синтагматикалық тізбектен бастап жеке сөйлемнен (сөйлемнен) мазмұнды тұтас туындыға дейін (әңгімелер, сипаттамалар, нұсқаулықтар, дәрістер және т.б.) өзгермелі болып табылады [5,14].

Ғылыми ортада дискурс ұғымы толықтығы, тұтастығы, байланыстылығы және басқа көрсеткіштерімен сипатталады (яғни мәтіннің барлық қасиеттері), ал үдеріс ретінде (әлеуметтік-мәдени, экстралингвистикалық және коммуникативтік-жағдаяттық факторлардың әсерін ескере отырып) және нәтижесінде бекітілген мәтін түрінде қарастырылады. Демек, дискурс терминінің анықтамасы біртіндеп кеңейіп, мәтіннің негізгі

параметрлерін тізімдеуден басқа, осы мәтін қолданылатын шарттарды көрсете бастады. Бұл анықтама қазіргі тіл білімінде дискурсты сипаттауда жетекші пікір болып отырған, ғалым Т. А. Ван Дайктың дискурс туралы пікірлеріне сүйенеді: «... дискурс-бұл мәтінді түсіну үшін қажет экстралингвистикалық факторларды (әлем туралы білім, адресаттың көзқарасы, мақсаты) қамтитын күрделі коммуникативті құбылыс» [6, 7].

Шет тіл білімінде соңғы жылдары жарық көрген еңбектерге сүйене отырып, тілші В.З.Демьянков дискурстың функционалдық сипатын ашатын әрі бұған дейін дискурсқа берілген анықтамаларды тереңдете түсетін дефинициясын ұсынады: дискурс – произвольный фрагмент текста, состоящий более чем из одного предложения или независимой части предложения. Часто, но не всегда, концентрируется вокруг некоторого опорного концепта; создаёт общий контекст, описывающий действующие лица, объекты, обстоятельства, времена, поступки и т. п., определяясь не столько последовательностью предложений, сколько тем общим для создающего дискурс и его интерпретатора миром, который «строится» по ходу развёртывания дискурса». Ғалым дискурсты адамның күнделікті өмір тәжірибесінің маңызды формасы ретінде қарастырады және оны мәтінді түсіну үшін қажет мәтіннен басқа экстралингвистикалық факторларды (әлем туралы білім, пікір, көзқарас, адресаттың мақсаты) қамтитын күрделі коммуникативті құбылыс ретінде анықтайды [7,48].

Кез келген дискурс логикалық тұрғыда өзара байланысты пропозициялар тізбегі түрінде болады. «Дискурс құрылымы: белгілі бір оқиға және сол оқиғаға қатысты жағдайлар; оқиғаны анықтайтын деректер; қатысушылардың оқиғаны бағалауы; г) дискурсты оқиғамен байланыстыратын ақпарат» [1,7].

Бұл жерге дискурс құрылымдық жағынан анықталып, әлеуметтік-прагматикалық аспектіде сөйлеу әрекеті ретінде сараланады, дискурсқа қатысушылар тарапынан белгілі бір оқиғалар мен қарым-қатынас жағдайы аясында пайда болған тілдесімнің кейбір түрлері болып табылады. Дискурсты әлеуметтік құбылыс ретінде түсіну француз структуралистері мен постструктуралистерінен, ең алдымен М.Фуко зерттеулерінен бастау алады. Бұл құбылысты зерттеу және ғылыми тұрғыдан негіздеу және терминді анықтауда А.Греймас, ж. Деррида, Ю. Кристева да маңызды рөл атқарды. Бұл ғалымдардың еңбектерінде стильдің дәстүрлі ұғымдарын («стиль – бұл адам» дегенді білдіретін ең кең мағынада) және жеке тілді («Абай тілі», «М.Әуезов стилі» дәстүрлі тіркестерін) нақтылауға деген ұмтылыс көрінеді. Осылайша анықталған «дискурс» термині сөйлеу тәсілін сипаттайды және міндетті түрде қандай немесе кімнің дискурсы екендігін анықтайды. Сонымен, француз мектебі үшін дискурс – бұл ең алдымен белгілі бір әлеуметтік-саяси топқа немесе дәуірге тән сөйлеудің белгілі бір түрі болып табылады. Зерттеуші Ван Дайк дискурсты әлеуметтік құбылыс ретінде түсіндіретін анықтама береді: «Дискурс – бұл сөйлеу ағымы, үнемі қозғалыстағы тіл, тарихи дәуірдің барлық алуан түрлілігін, коммуниканттың жеке және әлеуметтік ерекшеліктерін және қарым-қатынас іске асырылатын коммуникативті жағдайды қамтиды. Дискурста ортақ әмбебап және жеке ұлттық менталитет пен мәдениет көрініс табады» [6, 47]. Дискурс терминін атақты неміс философы Ю.Хабермас өз еңбектерінде кеңінен қолданған. Оның еңбектерінде дискурс – әлеуметтік өмірдің құндылықтары мен нормаларын сыни тұрғыдан қарастырудан туындаған сөйлеу байланысының түрі [8, 571-606].

Тілші Ю.С.Степановтың дискурсты анықтаудағы көзқарасы өзге зерттеушілердің пікірлерінен ерекше, ғалым дискурсты балама әлем, дәлел және себеп ұғымдарымен байланысты қарастырады. Дискурсты арнайы әлеуметтік шындық түрінде ұсынылған "тілдегі тіл" ретінде танып, кең лингвистикалық-философиялық негіздеме береді. Бұл жағдайда дискурсты жай ғана тіл ретінде стильге, грамматикаға немесе лексикаға балауға болмайды. Дискурс «бәрінен бұрын және негізінен мәтіндерде бар, бірақ олардың ар жағында ерекше грамматика, ерекше лексика, сөз қолдану мен синтаксистің ерекше ережелері, ерекше семантика, сайып келгенде, ерекше әлем тұр» [9, 45]. Степанов мәтіндерде дискурстың бар екендігін айтқанмен, оның дискурсты ерекше әлем ретінде тануы дискурсты мәтін шеңберінен шығып кететін құбылыс ретінде таниды. Осылайша,

дискурс ұғымының жоғарыда келтірілген анықтамаларын қорытындылай келе, қазіргі тіл білімінде түсінілгендей, бұл термин "мәтін" ұғымына жақын, бірақ тілдік қарым-қатынастың динамикалық, уақыт өте келе дамып келе жатқан сипатын баса көрсетеді; керісінше, мәтін негізінен статикалық объект, тілдік іс-әрекеттің нәтижесі ретінде қарастырылады. Кейбір зерттеушілер дискурсты бір уақытта екі компоненттен тұрады деп түсіндіреді: және оның әлеуметтік контекстінде жазылған тілдік әрекеттің динамикалық процесі және оның нәтижесі (яғни мәтін); дәл осы түсінікке артықшылық беріледі.

Дискурсты мәтін лингвистикасының нысаны ретінде және дискурстық талдау оның әдістерінің бірі ретінде зерттей отырып, Т.М.Николаева дискурстың негізгі түрлерін анықтайды: 1) диалог; 2) мәтіннің ауызша-ауызша формасы; 3) мағынасы жағынан өзара байланысты ақпараттар жиынтығы; 4) байланысты мәтін; 5) ауызша немесе жазбаша берілген сөйлеу туындысы. Болашақта «дискурс» терминінің дефинициясы мәтін лингвистикасы термині ретінде анықталуы мәтін шеңберімен шектелмеді және «бұл мәтін өзектелетін шарттарын да қоса бастады» [1]. Бұл анықтамада дискурс әртүрлі пәндерге тән белгілер мен ерекшеліктері ескерген. Ғалым семиотикадан әлеуметтануға дейін, тілдік қатынас теориясы, модальдық логика және т.б. Серионың пікірінше, «дискурс» ұғымын субъект шығарған эмпирикалық сөйлеумен де, мәтінмен де байланыстыруға болмайды. Бұл дефиницияда көптеген анықтамалар бар: 1) сөйлеу ұғымының баламасы, яғни кез-келген нақты сөйлесім (Ф. Соссюр); 2) фразадан көлемді бірлігі; 3) сөйлесімнің жағдайын ескере отырып, ақпараттың хабарды алушыға әсері; 4) сөйлесімнің негізгі түрі ретінде әңгіменің танылуы; 5) сөйлеушінің көзқарасына байланысты позицияны ескермей, қарсы сөйлеу (Э. Бенвенистің айтуы бойынша); 6) тіл бірліктерін қолдану, олардың сөйлеу барысында өзектенуі: тіл мен сөйлеу қарама-қайшы келеді (langue/ discourse); 7) әлеуметтік немесе идеологиялық тұрғыдан шектеулі сөйлеу түрі, мысалы, феминистік дискурс; 8) мәтінді тудыру жағдайларын зерттеуге арналған теориялық құрылым [9].

Тілдік құрылымдарды зерттеу және әлеуметтік мәнмәтін жағдайларын талдау арасындағы өзара байланысқа назар аудара отырып, М. Стуббс дискурстың үш негізгі сипаттамасын ажыратады: 1) ресми түрде бұл сөйлемнен асатын тіл бірлігі; 2) ақпараттық тұрғыдан алғанда, дискурс тілді әлеуметтік мәнмәтінде қолданумен байланысты, 3) дискурс интерактивті, яғни диалог түрінде іске асырылады [10]. Бұл ғылыми көзқарастар дискурстың тек мәтінге (ауызша және жазбаша) және диалогқа ғана емес, тіл мен сөйлеуге де ұқсайтынын көрсетеді. Дискурс – сөйлеудегі тілді жаңарту құралы. Бір жағынан, ол коммуникативті жағдайға енген сөйлеу ретінде сипатталады және осыған байланысты адамның сөйлеу белсенділігімен салыстырғанда айқын әлеуметтік мазмұны бар категория ретінде сипатталады: дискурс – бұл «өмірге енген» сөйлеу [2; 7], оның минималды компоненті – сөйлесім (диалогтағы реплика) – «сөйлеу субъектілерінің өзгеруімен, толықтығымен, жанрлық дизайнымен, диалогтың басқа мәлімдемелерімен және тұтастығымен сипатталады. Бұл тұжырым, ең алдымен, басқа коммуниканттың, сұхбаттасушының жауап сөйлесімімен байланысты» [11]. Нәтижесінде интеракция, мәміле немесе диалогтық бірлік ерекшеленеді – дискурстық талдаудың келесі деңгейінің бірлігі. Диалогтық дискурс бірліктері сұрақ-жауап, сұрау-реакция және т.б. [1]. Екінші жағынан, қазіргі заманғы (1970 жылдардың ортасынан бастап) дискурсивті талдаудың нақты тәжірибесі тілдік қатынас жағдайындағы ақпарат ағынының заңдылықтарын зерттеумен және ең алдымен репликалармен алмасу арқылы жүзеге асырумен байланысты. Осылайша, З.Харрис ізімен дискурсты диалог ретіндегі өзара әрекет құрылымы ретінде анықталады.

ТАЛҚЫЛАУ СӨЗІ

Дискурс – бұл «тілде» көрініс табатын адам өміріндегі негізгі құбылыс, Б.М.Гаспаров оны тілдік тіршілік деп атайды: «тілді қолданудың кез келген әрекеті – бұл жоғары құнды шығарма немесе диалогтағы жылдам айтылатын реплика – бұл адам тәжірибесінің үздіксіз қозғалатын ағымының бөлшегі. Бұл сапада дискурс тілдің құрамына кіреді және ол дискурс

жасалған және дискурс үшін жасалған жағдайлардың ерекше үйлесімін көрсетеді». Бұған мына жағдайлар жатады: 1) автордың коммуникативтік ниеті; 2) автор мен адресаттардың өзара қарым-қатынасы; 3) мәнді және кездейсоқ барлық түрдегі «мән-жайлар»; 4) жалпы дәуірдің және хабарлама тікелей немесе жанама түрде жолданған нақты орта мен нақты тұлғалардың жалпы идеологиялық белгілері мен стилистикалық климаты; 5) хабарламаның өзінің де, ол енгізілетін коммуникативтік жағдайдың да жанрлық және стильдік ерекшеліктері; 6) осы тілдік әрекеттің аясына қандай да бір жолмен енген алдыңғы тәжірибесі бар көптеген жағдайлар [12].

А.А.Кибриктің дискурсқа берген анықтамасында дискурсқа тән белгілердің әртүрлі болатынын көрсетеді: "дискурсты төрт құрылымның өзара әрекеттесуі және қиылысуы ретінде қарастырған жөн: 1) мәтінде көрсетілген идеялардың құрылымы; 2) сөйлеушінің ойлау процестерінің құрылымы; 3) сөйлеуші қолданатын тілдік құрылымдар; 4) сөйлеу жағдайының құрылымы (сөйлеу) сөйлеуші мен тыңдаушының қарым-қатынасы" [13]. Жоғарыда айтылғандар дискурстың негізін жазушының немесе сөйлеушінің танымдық процестері, атап айтқанда дискурсты түсіну, түсіндіру және қалыптастыру процестері құрайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Дискурс туралы екі негізгі идеямен қатар (дискурсты және мәтінді, дискурсты және сөйлеуді сәйкестендіру) дискурсты дискурстық практика ретінде сипаттау кездеседі (бұл түсінік М.Фукоға тиесілі [13]), саясаттану, әлеуметтік семиотика, әлеуметтануда тілдің практикалық қолданылу саласын ұсынады. Бұл жағдайда дискурстың келесі компоненттері зерттеледі: тақырыптың ерекшелігі, тілдік ерекшеліктері, стилистикалық ерекшеліктері, жеке тұлғаны немесе субъектілер тобын сипаттайтын белгілі бір дискурсты талдау. Сонымен, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бір-бірімен өзара әрекеттесетін және бір сөйлесімнің ажырамас бөлігі болып табылатын дискурс туралы көптеген ғылыми идеялар осы терминнің қазіргі ғылымда жиі қолданылатындығын көрсетеді, бірақ сонымен бірге нақты ара жігі анықталмағаны байқалады.

Қазақ тіл білімінде ғалым Б.А.Ахатова дискурсты ақпарат алушылардың интерпретациялайтын коммуникативтік әрекеттер нәтижесі ретінде анықтайды. Бұл тұрғыдан алғанда, дискурс – коммуникативтік әрекеттің ауызша және жазбаша түріндегі вербалды нәтижесі. Ғалым мәтін мен дискурстың ерекшелігін көрсетуде мәтінді тіл жүйесімен, ал дискурсты өзекті сөйлеу әрекетімен байланыстырады. Дискурстың нақты бір жағдайға, нақты бір нысанға қатысты нақты бір мәнмәтінде қарастыруды ұсынады [71, 42]

Профессор Қ.Ө.Есенова дискурсты прагматикалық аспектіде қарастырып, «дискурсты прагматикалық түрде талдағанда, коммуникативтік ситуацияға және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторларға және коммуникаттарға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторларға және коммуникаттардың мақсат-ниеттері басшылыққа алынуы тиіс. Қандай да бір ақпаратты алғанда тыңдарман немесе оқырман мәтін авторының сол мәтінді дайындаған сәттегі қиял-дүниесін елестетуге тырысады. Басқаша айтқанда, дискурсты түсіну бөгде адамның ойлау дүниесіне еріксіз және ерікті түрде енуге болатынын көрсетеді [20, 235-236]. Дискурс тілдік қатынастың белгілі бір жағыдайына байланысты іске асырылуына байланысты тілдесімге қатысушылардың түрлі әлеуметтік рөлдері мен ұстанымдарының болуына байланысты, әлеуметтік лингвистика тұрғысынан дискурстың тұлғалық (тұлғаға бағытталған) және институционалдық (мәртебеге бағытталған) екі түрі ажыратылады. Біріншісі, бірін-бірі жақсы танитын, білетін коммуникаттар арасында болатын қарым-қатынасты білдіреді, екіншісі, әлеуметтік топтардың қарым-қатынасын білдіреді. Мәртебеге бағытталған дискурс институтционалды дискурс болып табылады. Ол әртүрлі әлеуметтік топтардың өзара тілдік қарым-қатынасты немесе түрлі институттардың бір-бірімен қатынасын не саяси институт аясында өзінің мәртебелік-рөлдік мүмкіндіктерін жүзеге асыратын адамдар арасындағы қарым-қатынасты білдіреді. Олардың саны қоғам дамуының нақты кезеңіне байланыста қоғам қажеттілігімен реттеліп отырады [20, 237].

Институционалдық дискурс – әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін дискурс. Дискурстың бұл түрінде әртүрлі салаларда қалыптасқан ресми және бейресми ереже, норма, ұстанымдар аясындағы қарым-қатынас болып табылады және қоғамдық әлеуметтік институттар типтерімен анықталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі ғылымда дискурс қарым-қатынасқа қатысушылардан, қарым-қатынас жағдайынан және мәтіннің өзінен тұратын күрделі құбылыс ретінде түсініледі. Осы тұрғыдан келгенде, дискурс – бұл нақты мәтіндерде жүзеге асырылатын құрылымдық-семантикалық белгілердің дерексіз инвариантты сипаттамасы. Дискурсты сөйлеу әрекеті теориясы аясында қарастыру екі аспектімен ерекшеленеді – дискурстың құрылуы немесе пайда болуы (ойлау, жоспарлау, сөйлеу, жазбаша рәсімдеу) және дискурсты түсіну (тыңдау, жазбаша мәтінді қабылдау, талдау, түсіндіру).

Дискурс дегеніміз – тілді белгілі бір ортаға байланысты, әлеуметтік топқа, жағдайға байланысты жергілікті менталитетті сондай-ақ қоғамдағы идеологияны ескеріп ерекше қолдану. Бұл тілдің кейбір параметрлерін активтендіреді және сайып келгенде өзіндік грамматика мен лексиканың арнайы қолданыстарын қажет етеді. Барлық осы тілдік материалдарды дискурс деп те атауға болады.

Дискурстың маңызды құрамдас бөлігі – қарым-қатынасқа, өзара байланысқа қатысушылардың санаты, өйткені олар мәтінді жасаушылар. Дискурстың жеке және институционалдық түрлері бар. Заң дискурсы саяси, экономикалық, феминистік және басқа дискурстармен қатар институционалды дискурстың бір түрі болып табылады. Дискурстың әртүрлі түрлерін жүзеге асыру адам қызметінің әртүрлі салаларындағы коммуникативті жағдайларда іске асырылады. Соңғы жылдары әртүрлі дискурстардың семантикалық негізін құрайтын зерттеулерде қызықты нәтижелер алынды. Бірқатар тиісті терминдер енгізілді, мысалы, кез-келген тілдегі дискурс, атап айтқанда ағылшын дискурсы, еркек/әйел дискурсы, сыпайы дискурс, аргументативті дискурс, көркем дискурс, лирикалық дискурс және т.б. осылайша, адамның барлық ауызша және вербальды емес мінез-құлқы әр түрлі дискурстар арқылы ұйымдастырылған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Николаева, Т.М. Краткий словарь терминов лингвистики. М.: Прогресс, 1978. – 480 с.
- 2 Борботько, В.Г. Элементы теории дискурса. – Грозный: Изд-во Чечено-Ингуш. гос. ун-та, 1981. – 113 с.
- 3 Карасик, В.И. Религиозный дискурс // Языковая личность: проблемы лингвокультурологии и функциональной семантики: Сб. науч. тр. – Волгоград: Перемена, 1999. – С. 5–19.
- 4 Гийому Ж., Мальдидье Д. О новых приёмах интерпретации, или проблема смысла с точки зрения анализа дискурса // Квадратура смысла. – М.: Прогресс, 1999. – С. 124–136.
- 5 Орлов Г.А. Современная английская речь. – М.: Высш. шк., 1991. – 240 с.
- 6 Ван Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – 310 с.
- 7 Демьянков В.З. Текст и дискурс как термины и как слова обыденного языка // Язык. Личность. Текст: сб. ст. к 70-летию Т.М.Николаевой / Ин-т славяноведения РАН; отв. ред. В.Н. Топоров. – М.: Языки славянских культур, 2005.
- 8 Степанов Ю.С. Альтернативный мир, Дискурс, Факт и Принцип причинности // Язык и наука конца XX века. – М.: РАН, 1996.
- 9 Серио П. Как читают тексты во Франции // Квадратура смысла :
- 10 Абрамова, Т.В. Диалогическое единство «просьба– реакция» (на материале русского и английского языков) / Т.В.Абрамова. – Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Воронеж. – 2003. – 20 с.

11 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / В.И. Карасик. – М: Гнозис, 2004. – 390 с.

12 Гаспаров Б.М. Язык, память, образ. Лингвистика языкового существования. – М.: Нов. Лит. Обозрение, 1996. –352 с.

13 Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Лингвокультурный концепт как единица исследования // Методологические проблемы когнитивной лингвистики: Сб. науч. тр. – Воронеж: ВГУ, 2001. – С. 75-80.

14 Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание: монография. – Алматы: Экономика, 2006. –302 с.

15 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): фил.ғыл.док.дисс. –Алматы:Қазақ университеті, 2002. – 152 б.

REFERENCES

1 Nikolayeva, T.M. Kratkiy slovar' terminov lingvistiki. M.: Progress, 1978. – 480 s.

2 Borbot'ko, V.G. Elementy teorii diskursa. – Groznyy: Izd-vo Checheno-Ingush. gos. un-ta, 1981. – 113 s.

3 Karasik, V.I. Religioznyy diskurs // YAzykovaya lichnost': problemy lingvokul'turologii i funktsional'noy semantiki: Sb. nauch. tr. – Volgograd: Peremena, 1999. – S. 5–19.

4 Giyomu ZH., Mal'did'ye D. O novykh priyomakh interpretatsii, ili problema smysla s tochki zreniya analiza diskursa // Kvadratura smysla. – M.: Progress, 1999. – S. 124–136.

5 Orlov G.A. Sovremennaya angliyskaya rech'. – M.: Vyssh. shk., 1991. – 240 s.

6 Van Deyk T.A. YAzyk. Poznaniye. Kommunikatsiya. – M.: Progress, 1989. – 310 s.

7 Dem'yankov V.Z. Tekst i diskurs kak terminy i kak slova obydenного yazyka // YAzyk. Lichnost'. Tekst: sb. st. k 70-letiyu T.M.Nikolayevoy / In-t slavyanovedeniya RAN; otv. red. V.N. Toporov. – M.: YAzyki slavyanskikh kul'tur, 2005.

8 Stepanov YU.S. Al'ternativnyy mir, Diskurs, Fakt i Printsip prichinnosti // YAzyk i nauka kontsa KHKH veka. – M.: RAN, 1996.

9 Serio P. Kak chitayut teksty vo Frantsii // Kvadratura smysla :

10 Abramova, T.V. Dialogicheskoye yedinstvo «pros'ba– reaktsiya» (na materiale russkogo i angliyskogo yazykov) / T.V.Abramova. – Avtoref. diss.. ... kand. filol. nauk. – Voronezh. – 2003. – 20 s.

11 Karasik V.I. YAzykovoye krug: lichnost', kontsepty, diskurs / V.I. Karasik. – M: Gnozis, 2004. – 390 s.

12 Gasparov B.M. YAzyk, pamyat', obraz. Lingvistika yazykovogo sushchestvovaniya. – M.: Nov. Lit. Obozreniye, 1996. –352 s.

13 Karasik V.I., Slyshkin G.G. Lingvokul'turnyy kontsept kak yedinitza issledovaniya // Metodologicheskiye problemy kognitivnoy lingvistiki: Sb. nauch. tr. – Voronezh: VGU, 2001. – S. 75-80. b.

14 Axatova B.A. Politicheskyy diskurs i yazykovoe soznanie: monografiya. – Almaty: Ekonomika, 2006. –302 s.

15 Esenova Q.Ö. Qazirgi qazaq media-mätinniñ pragmatikası (qazaq baspasöz materialdarı negizinde): fil.ğıl.dok.diss. –Almaty:Qazaq wñiversiteti, 2002. – 152 b.

Материал 20.06.2023 баспаға түсті

Понятие дискурса в современной лингвистике

А.А. Букаева¹, Г.О. Сыздыкова²

¹Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева г. Астана, 010000,

Республика Казахстан

В статье рассматривается понятие дискурса в современном языкознании через призму исследования в различных аспектах, выявляется динамика семантического изменения его терминального значения, дифференцируются их специфические особенности. Поскольку в современной лингвистике нет четкого и общепризнанного определения, охватывающего все аспекты дискурса, дискурс рассматривается как междисциплинарный научный объект, и утверждается, что каждая наука и научное направление изучаются и интерпретируются по-разному в зависимости от специфики их предмета. Определение понятия дискурса рассматривается в лингвистике, антропологии, литературоведении, этнографии, социологии, социолингвистике, философии, психолингвистике, когнитивной психологии и ряде других научных дисциплин, речь идет о том, что многообразное определение термина дискурс и его применение в различных областях гуманитарного знания порождают разные подходы к трактовке значения и значения термина. Поэтому при определении понятия дискурс руководствуются коммуникативными, структурно-синтаксическими, структурно-стилистическими и социально-прагматическими аспектами исследования. В результате изучения этих направлений установлено, что одна сторона дискурса ориентирована на типичные условия общения-прагматику, другая сторона-на когнитивные процессы, происходящие в сознании участников общения, а третья-на текст. Это позволяет распознать дискурс как процесс и как текст. Это позволяет распознавать дискурс как процесс, так и, как следствие, фиксированный текст.

Ключевые слова: понятие дискурса, текст, коммуникативный аспект, структурно-синтаксический аспект, структурно-стилистический аспект, социально-прагматический аспект, экстралингвистические факторы.

Материал поступил в редакцию журнала 20.06.2023

The concept of discourse in modern linguistics

A.A. Bukayeva¹, G.O.Syzdykova²

¹Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

²L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

The article examines the concept of discourse in modern linguistics through the prism of research in various aspects, reveals the dynamics of semantic changes in its terminal meaning, differentiates their specific features. Since there is no clear and generally accepted definition in modern linguistics that covers all aspects of discourse, discourse is considered as an interdisciplinary scientific object, and it is argued that each science and scientific direction are studied and interpreted differently depending on the specifics of their subject. The definition of the concept of discourse is considered in linguistics, anthropology, literary studies, ethnography, sociology, sociolinguistics, philosophy, psycholinguistics, cognitive psychology and a number of other scientific disciplines, the point is that the diverse definition of the term discourse and its application in various fields of humanities give rise to different approaches to the interpretation of the meaning and meaning of the term. Therefore, when defining the concept of discourse, they are guided by the communicative, structural-syntactic, structural-stylistic and socio-pragmatic aspects of the study. As a result of studying these directions, it was found that one side of the discourse is focused on typical communication conditions-pragmatics, the other side-on cognitive processes occurring in the minds of communication participants, and the third-on the text. This makes it possible to recognize discourse as a process and as a text. This makes it possible to recognize discourse as a process and, as a consequence, a fixed text.

Keywords: the concept of discourse, text, communicative aspect, structural-syntactic aspect, structural-stylistic aspect, socio-pragmatic aspect, extralinguistic factors.

Received: 20.06.2023